изменить типовые представления об образовании, сформировать гибкую систему обучения, которая будет направлена на раскрытие индивидуальности каждого ребенка.



Рисунок 6 - Зимний сад

Важными признаками современной школы должны стать:
1) возможность трансформации учебного пространства в малое, среднее и большое по принципу «ученик–группа–класс–поток»;
2) формирование крупных функционально-планировочных зон: классов-студий, помещений для конференций и т.п.;
3) формирование «открытой» системы: отсутствие традиционных замкнутых учебных помещений;
4) наличие помещений, которые рассчитаны на проведение различных видов занятий с учетом возрастных особенностей (игровые, мастерские, лекционные, лаборатории);
5) наличие мобильного оборудования в классах;
6) наличие условий для развития здоровья учащихся, которые будут соответствовать запросам детей;
7) новая система расположения инженерных коммуникаций, возможность автономного существования, наличие энергосберегающих систем.

Таким образом, новая современная школа будет направлена в большей степени на освоение практических знаний и умение ими воспользоваться в социальной среде. Гибкая объемно-планировочная структура школьных зданий–это средство преодоления их функционального старения и удовлетворения изменяющихся социально-педагогических требований к школе [4].

**Список использованной литературы**

1. Better learning by design [Электронный ресурс].– Режим доступа:http://dcnonl.com/
2. Sidwell Fiends School, Anatomy of a Green School [Электронный ресурс].– Режим доступа:http://www.jetsongreen.com/2007/
3. Центр притяжения Ходынского поля Экспериментальная школа на 1000 учащихся [Электронный ресурс]. – Режим доступа:http://archvestnik.ru/ru/
4. Степанов В.И. Новые типы средних образовательных школ с гибкой планировочной структурой. – М.: Стройиздат, 1977. – 235 с.

**Талапхан А., магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ**

# ЛАНДШАФТ ДИЗАЙН ЖӘНЕ РУХАНИ ТАЛҒАМ

**Резюме**
В статье анализируются основные вопросы искусственного критерия и вкус ландшафтного дизайна в Казахстане и ее значимости для развития общества.
**Summary**
The paper examines the main issues of artificial criteria and taste landscape design in Kazakhstan and its relevance to the development of society.

Қазіргі таңда руханият ғимараттары маңындағы ландшафт дизайнын зерттеп тану, талдау және дәстүрлі ұлттық мәдениет элементтерін қолдану арқылы халықтың эстетикалық талғамын биіктетуге теориялық негіз дайындау замана талабы деп білеміз. Өнердің аталмыш саласы тың болғанымен алдағы уақытта даму мүмкіндіктері орасан зор. АҚШ ғалымы Ж.О.Элиот айтқандай «Ландшафт өнімдері өнер туындысы ретінде қарастырылуға лайық. Себебі, оның негізгі бағыты мен басты функциясы ел мен жер табиғатының көріктілігін сақтап, адамдардың жандарына жайлы ортаның шырайын келтіріп, оны сақтап, қорғай білуге жетелейді» [1].

Бұл тұрғыдан келгенде, руханият ошақтары маңының ландшафт дизайнының адамдар жүрегінде имандылықты ұялатуға елеулі ықпал ететіндігін ерекше атап айтуға

тиіспіз. Руханият ордалары өңірінің ландшафттық дизайны-діни сенімнанымы қалыптасқан, имандылығы кәміл азаматтардың эстетикалық талғамдарына сай келіп, рақат сезімге бөлеген жағдайда өзінің қоғам алдында жүктелген міндетін абыроймен орындаған болып табылады. Адам баласы үшін өзінің қоршаған ортасынан әсемдіктің шырайын сезінуі өмір сүруге құштар болуына мүмкіндік беретіндігімен ерекшеленеді.

Сонымен қатар ландшафт дизайны деген ұғымның өзі халықаралық стандарт пен нормаларға негізделеді және ұлттық нақышпен тығыз байланысады. Адамзат қоғамында имандылық пен адамгершілікті қамтамасыз етудің ең басты мүмкіндігі жаратушыға тағзым етіп тәубаға келетін діни мінәжат орындары, яғни, мешіт ғибадатханалар. Осындай орындарда тәу ету арқылы азаматтар рухани тазарып, жаратушы Аллаға құлшылық етудің арқасында айналасына өзгеше көзбен қарай алады. Осындай кезде көз қуанышы боларлықтай өнер туындысына тәнті болудың, айналасын аялаудың жөні бөлек. Адам баласының эстетикалық жоғары талғамы мен өскелең талабы өнердің өзге түрлері іспетті ландшафт дизайнын жасап қалыптастырушы туындыгерлерге де ерекше міндет пен жауапкершілік жүктейді. Мұның мәні халықтың денсаулығы мен тыныштығын қамтамасыз етуге көмектесуде, сергіп көңіл көтерулеріне игі ықпал етуде, имандылық үрдістерін қорғауда жатса керек.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның әлеуметтік өмірінде, нарықтық экономика қатынастары барысында, демократиялық жаңару кезеңінде пайда болған жаңа өнер ұғымдары мен жалпы бағыт-бағдарына баға беру, айқындау және оны барша қауымға түсіндірудегі ландшафт дизайны өнерінің орны мен рөлін анықтап, белгілеу қазіргі таңда өте маңызды. Пікіралуандықтың қазіргі жағдайын сипаттап сараптау, демократиялық мәдениеттің өнертанудағы орнын анықтау да негізгі мақсатқа айналып отыр. Осылардың бәрінен туындайтын сауалдарға жауап берудің маңызы да айтарлықтай. Сондай-ақ, ландшафт дизайнның өнертану саласындағы саяси-әлеуметтік ықпалы және оны үйлестірудегі рөлін ашып көрсету, демократиялық ашық қоғам құру жолындағы эстетикалық талғамның орнын айқындау алдағы зерттеулерге арқау болатын өзекті проблемалар» [2].

Ландшафт дизайнның қалыптасу ерекшеліктері белгілі бір руханият ошақтардың ауласы мен өңірінің безіндірілген жайы арқылы нақты мысалға алынып, анықталады және оның негізгі критерийіне, жалпы сипатына, алдағы дамуына әсер ететін факторлар нақтылануы да маңызды деп білеміз.

Қазақ руханиятының бір қоғамдық-саяси формациядан басқа жүйеге өту үрдісі мен ерекшеліктерін қарастырғанда мәдениетіміз бен өнеріміз дамуының дәстүрлерін, тәжірибесін, жаңаруын басшылыққа алумен қатар әлемнің өркениетті елдерінің оған қоятын талаптарымен салыстыра отырып, баға бергенде отандық ғалымдардың, зерттеушілердің, өнертанушылардың, сыншылардың ландшафт дизайн жайындағы көзқарастары ескерілуі тиіс.

Ал, бүгінгі таңда әлемде ландшафт дизайн жағынан бастапқы ондыққа АҚШ, Ирландия, Жаңа Зеландия, Ұлы Британия, Италия, Канада елдері кіреді. Дегенмен, дүниежүзінде қыс маусымы бойында ландшафт дизайны арқылы таңдай қақтыратын елдердің бірі әрі бірегейі Швейцария болып тұр. Асқар таулардың мекені сұлу да әсем Швейцария оң шешімін тапқан ландшафт дизайнымен де танымал елдердің бірі. Ең маңыздысы бұл елдің климаты жағынан Қазақстанмен үндестігі болып тұр. Онда қыс мезгілінде қар көп түсетіндіктен мәңгілік жасыл әрі көп жыл жасайтын ағаштар молынан егіліп, әсем де тартымды мүсіндермен жақсылап әшекейлейді. Қыс маусымында қарапайым жарық шамдар қардан шығатын сәуленің ықпалымен бәс тартып қалатындықтан арнайы «ион» жарығын орналастыру идеясын алғаш солар ойлап тапқан екен. Тағы бір мысалға келсек, Канада елі қала ішіндегі және қаладан тыс жерлердің ландшафт сәулетін толығымен шешкен. Ванкувер қаласының орталық саябағы суық немесе салқын климатқа төзімді гүлдер егумен жұртты тамсандырып отыр. Сонымен қатар қызықты ескерткіш мүсіндердің шешімімен, жарықтандырудың үлгілерімен көз жауын алады. Шетел туристерінің назарын аударған мәселе де осы болды. Бір кездері Канада буклеттерінде тау мен өзен сулар алдыңғы қатарда болса, таяудан бері Ванкувер бау-бақшысы ең негізгі орынға шығарылатын болған. Бүгінгі таңда олар бұрынғыдан бірнеше есе көп туристерді тарту үшін аса қызықты дизайнмен көрініс тапқан ландшафт бақшасын салуға кіріскен.

*1970*-жылдары Жапон елінің Осака, Токио қалаларын адамдардың өз өздеріне қол салып өлулері (суицид) жиілеп кеткен. Бұл жағдай қала басшыларын қатты алаңдатқанымен дәл осы өлімге себепкер болып отырған ықпал етуші негізгі фактор су бұрқақтарының жеткіліксіздігі екендігіне көздері жете қойған жоқ еді. Кешікпей атақты ғалымдардан тұратын жұмыс тобы оны дәлелдейтін бір қатар деректі ұсынып көздерін

жеткізген соң қаламаса да су бұрқақтарының санын көбейту жайындағы бюджеттің жобасын бекітуге мәжбүр болады. Олар тек су бұрқақтарымен ғана шектелмеді. Оның айналасына түрлі көркем суреттер, мүсін ескерткіштер орналастырып, шамдардың безендірулерін анық, айқын етіп жасаған.

Кереғар көріністің алдын алуға арнап жүзеге асырылған, бюджеттің әжептәуір қаржысын шашып қолға алған іс небары бір жылдың ішінде өзін өзі ақтаған. Суицидтің салдарынан көз жұматындардың саны *30-35* пайызға күрт азаюмен қатар Токио, Осакаға қарай ағылатын туристердің саны өсе түскен. Ландшафт дизайнның пайдасы мен игіліктері жайындағы жағымды мысалдар көп кездеседі. Ал, оны Қазақстанда қалай жүзеге асыру жайындағы мәселеге назар аудару күнтәрбіне шығарылуға тиіс маңызды шаруалардың бірі болмақ. Бұл тұрғыдан келгенде, ауа райы Қазақстанмен ұқсас Канада, Швейцария елдерінің үлгісін зерттеу ең оңтайлы қадам екені белгілі. Сонымен қатар Сібірдің мәңгі жасыл әрі көп жасайтын өсімдіктерін әкеліп қоныстандырудың мәні де аса зор екен. Сібірде өсетін мәңгі жасыл ағаштары, Альпи тауларының суыққа төзімді гүлдері отырғызылса жылдың алты айы қыспен өтетін біздің ел үшін тиімді болары шүбәсіз шындық.

Астана, Алматы, Шымкент, Атырау секілді Қазақстанның ірі қалаларында ландшафт дизайнының шешімі лайықты орын табуы керек. Қала сәулетін жоспарлағанда туристерді молынан тарта алатын көрікті әрі ұлттық нақыштағы ерекше сәнді мүсіндер кешенін жасау туристерді тартудың ең бір қолайлы амалы. Қазіргі таңда Астана қаласының әр көпірлерінің бұрышында алдыңғы екі аяғын көтеріп көкке шапшып тұрған айғырлардың қаптаған мүсінімен (жаппай Қытай елінде коммерциялық мақсатпен жасалған) жұртты қызықтыру мүмкін емес. Жалпы бұл салада біз озық елдердің тәжірибелерін жақсылап зерттеп, көп мәселені ойластыруға тиіспіз. Сонымен, ландшафт дизайн дегеніміз не? Қала мен елді мекендердің ауласында жайлы әрі әсем ахуал қалыптастыру үшін тұрғындардың сұраныстары мен қажеттіліктері міндетті түрде ескерілуге тиіс. Жергілікті аймақтың табиғи көркі, қайталанбас келбеті онда ғұмыр кешіп жатқан жандарға тыныш мамыражай рахат сезімін сыйлауға тиіс. Ол үшін адам қолымен жасалған игілік атаулыны төл табиғат өзінің көркімен, үнімен байытып көз тартуы абзал. Олай болса, «ландшафт дизайн дегеніміз қысқаша айтқанда, табиғат пен лайықты жоспарланып жасалған сәулет өнерінің элементі» [3].

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**


1. Шамахайұлы Қ. Мен көрген Америка. -Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2001. – 67 б.
2. Robertson, Jean and Craig McDaniel: Themes of Contemporary Art, Visual Art after 1980, page 4. –Oxford: University Press, 2005. –p.87
3. www.shabyt.org.kz



**Джуринская Т. М., оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ**
**Даулетқызы А., студент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ**


# КӨРУ ДҮРБІЛЕРІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ, ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ АСПАПТАР МЕН ҚҰРАЛДАРДАҒЫ КӨРУ ДҮРБІСІНІҢ МАҢЫЗЫ МЕН МІНДЕТІ


**Резюме**
В этой статье рассматривается история развития, значения и применения и общие понятия об окулярах.
**Summary**
This article observes the history of development, values, application and general concepts of the eyepieces.


Көру дүрбісі қашықтықтан заттарды көзбен көру үшін бақылау түтігі, оптикалық үлкейткіш құрал; көру түтігі объективтен және окулярдан тұрады, объективтің артқы фокусі окулярдың алдыңғы фокусімен қатар орналасқан. Оптикалық жүйенің кең таралған түрлері телескоп, дүрбі, көру дүрбісі және тағы басқалар. Көру дүрбілері *XVI* ғасырдың аяғы мен *XVII* ғасырдың басынан бастап белгілі бола бастады. *1609* жылы Г.Галилей окулярға теріс линзамен көру дүрбісіне *20*-есе үлкейтіп көру мүмкіндігін ойлап тапты.